

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 3 наурызда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің төрағасы
С.М. Жұманғаринға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Серік Мақашұлы!

Елдің алтын қоры – астықтан дайындалатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының өсуі дәнді дақылдарды тасымалдау құнының өсуіне де байланысты екені құпия емес.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімдеріне баға индексіне назар аударсақ, 2020 жылғы өсім 115,3% - ды құраса, өсімдік шаруашылығы өнімдеріне баға 17,6% - ға өскен.

Оның ішінде дәнді дақылдар бағасының өсуі 18,8% болса, Өсімдік шаруашылығындағы өндірушілер бағасының өзгеруі бүгінгі күні соңғы бес жылда 67,6% - ды құрайды.

Бағаның өсуіне әсер ететін факторлардың бірі шикізатты тұтынушыға дейін тасымалдау болып табылады. Елдегі астық тасымалдау нарығында «Астық Транс» акционерлік қоғамы басымдыққа ие, аталған заңды тұлға темір жол көлігіндегі барлық астық тасымалының 50% - ға жуығын қамтиды. 2020 жылы бұл компания ішкі астық тасымалдау көлемінің 74% - ын және барлық экспорттық астықтың 40% - ын тасымалдаған.

Қазақстан нарығында үстем жағдайын пайдаланып, бұл компания өз қызметтерінің құнын бірнеше арттырған. Атап айтқанда, соңғы бес айда тасымалдау құны төрт есе артып, бір вагон үшін тасымалдау бағасы орта есеппен 60 мың теңгеге артқан.

Мысалы, өткен жылдың қыркүйек айында дәнді дақылдарды еліміздің солтүстігінен оңтүстікке жеткізу құны бір вагонға 471 425 теңгені құраса, ағымдағы жылдың қаңтар айында 537 148 теңгеге дейін өскен. Айырмашылығы 65 723 теңге, бұл 12,2% - ды құрайды.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің ресми статистикалық деректері бойынша өндірушілер бағасының өзгеруі дәнді

дақылдарға өткен жылмен салыстырғанда бидайға – 20,3%, жүгеріге - 24,5%, арпаға – 9,7%, қара бидайға – 26,8%, сұлы – 3,2%, тары – 3,8%, қарақұмыққа – 44,3%, күрішке – 1,9%, күнбағыс тұқымына-23,3% - ды құрады.

Сондай-ақ, дәнді дақылдардан дайындалатын жем бағасының өсуі мал шаруашылығы өнімдерінің құнына әсер ететіні даусыз. Өткен жылы оның бағасы 4,2% - ға көтерілген.

Астық тасымалдау бойынша көлік қызметтері тарифтерінің осындай көтерілуіне себеп болатын факторларға ерекше назар аудару қажет деп санаймыз. Құзыретті органдар астық тасымалдау бойынша үстем жағдайға ие субъектілерге заң шеңберінде бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Осыған байланысты,

1. Агенттік тарапынан елімізде астық тасымалдау тарифтеріне мониторинг жүргізу керек.

2. «Астық Транс» акционерлік қоғамы тарапынан астық тасымалы бағасының өсу фактісінің заңдылығы мен негізділігіне тексеру жүргізуді.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жазба түрде жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Nur Otan» партиясының
депутаттық фракциясының
мүшелері**

Б. Бекжанов

Н. Раззақ

А. Үйсiмбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

Оглашен: 03.03.2021г.

**Председателью Агентства
по защите и развитию конкуренции
Республики Казахстан
Жумангарину С.М.**

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Серик Макашевич!

Не секрет, что рост цен на социально значимые продукты питания, заготавливаемые из золотых запасов страны – зерна, также связан с ростом стоимости транспортировки зерновых культур.

Если обратить внимание на индекс цен производителей на сельскохозяйственную продукцию, то в 2020 году рост составил 115,3%, тогда как цены на продукцию растениеводства выросли на 17,6%.

В том числе рост цен на зерновые культуры составил 18,8%, изменение цен производителей в растениеводстве на сегодняшний день составляет 67,6% за последние пять лет.

Одним из факторов, влияющих на рост цен, является транспортировка сырья до потребителя. На рынке перевозок зерна в стране преобладает акционерное общество «Астық Транс», данное юридическое лицо охватывает около 50% всех перевозок зерна на железнодорожном транспорте. В 2020 году эта компания перевезла 74% объема внутренних перевозок зерна и 40% всего экспортного зерна.

Воспользовавшись доминирующим положением на рынке Казахстана, эта компания несколько увеличила стоимость своих услуг. В частности, за последние пять месяцев стоимость перевозки увеличилась в четыре раза и стала в среднем на 60 тысяч тенге за один вагон.

К примеру, если в сентябре прошлого года стоимость доставки зерновых культур с севера на юг страны составляла 471 425 тенге за вагон, то в январе текущего года - 537 148 тенге. Разница получается 65 723 тенге, что составляет 12,2%.

По официальным статистическим данным агентства по стратегическому планированию и реформам, изменение цен производителей на зерновые культуры по сравнению с прошлым годом составило на пшеницу – 20,3%, кукурузу - 24,5%, ячмень – 9,7%, рожь – 26,8%, овес – 3,2%, просо – 3,8%, гречиху – 44,3%, рис – 1,9%, семена подсолнечника-23,3%.

Также неоспоримо, что рост цен на корма, изготавливаемые из зерновых культур, влияет на стоимость животноводческой продукции. В прошлом году его цена выросла на 4,2%.

Считаем необходимым обратить особое внимание на факторы, провоцирующие такое повышение тарифов на транспортные услуги по перевозке зерна. Компетентные органы должны осуществлять контроль в рамках закона за субъектами, занимающими доминирующее положение по транспортировке зерна.

В связи с этим, необходимо:

1. Со стороны Агентства проводить мониторинг тарифов на перевозку зерна в стране.

2. Проведение проверки законности и обоснованности факта роста цен на перевозку зерна со стороны акционерного общества «Астық Транс».

На основании вышеизложенного, в соответствии со статьей 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим дать письменный ответ на депутатский запрос в установленные законодательством сроки.

С уважением,

**члены депутатской
фракции «Nur Otan»**

Б. Бекжанов

Н. Раззак

А. Уисимбаев